

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

автоматтандыруға, өндірістік процестерді оңтайландыруға, жұмыс тиімділігін арттыруға және қызмет сапасын жақсартта алады.

Тұтастай алғанда, ЖИ ел дамуының қуатты құралы болып табылады, ол дұрыс пайдаланылған және мемлекет тарапын жеткілікті қолдау алған жағдайда экономиканың өсуіне, әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешуге және азаматтардың өмір сүру сапасының жақсаруына әкеледі. Бұл ЖИ саласында «жойқын» инновациялар негізінде тұрақты және үйлесімді дамуды қамтамасыз ету үшін Үкімет-бизнес-ғылым және жалпы қоғамның күш-жігерін қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Подрывные инновации в нашей жизни: суть, примеры и перспективы. URL: [4brain - онлайн-платформа по обучению soft skills](#)
2. «Подрывные инновации»: угрозы и возможности для Казахстана. URL: [Forbes - Инструмент капиталиста. Деловой журнал. Бизнес, карьера, финансы, предприниматели, рынки. Мнения, идеи, рейтинги, блоги](#)
3. Искусственный интеллект. Инноватика : учебное пособие / Ю. А. Антохина, М. Л. Кричевский, Ю. А. Мартынова, А. А. Оводенко. — Санкт-Петербург : ГУАП, 2023. — 320 с.
4. Жасанды интеллектті дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. URL: [Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан \(www.gov.kz\)](#)

ОӘК 338.012

КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ, АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ЖАҒАНДАНУДЫҢ ӘСЕРІ

Исмагулова Бакытнур Карасаевна

Ismagulova.92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультетінің магистранты

Ғылыми жетекші – Турмаханбетова Ш.Ш

Мақаланың тақырыбының өзектілігі еліміздің шикізаттық мамандандырылудан бас тартып, индустриялық-инновациялық негізде әртараптандырылуы дамудың басымдығы болып табылады. Қазақстандық компаниялардың дамуының инновациялық бағытына тән мәселелер талқыланады. Компаниялардың инновациялық дамуын тежейтін кемшіліктер, проблемалар мен факторлар атап өтіледі және оны шешу жолдары ұсынылады.

Қазіргі экономикада инновацияның рөлі айтарлықтай өсті. Инновацияларды пайдаланбастан, білімнің жоғары деңгейімен және жаңалығымен бәсекеге қабілетті өнім жасау мүмкін емес. Осылайша, нарықтық экономикада инновациялар бәсекелестіктің тиімді құралы болып табылады, өйткені ол жаңа қажеттілікті қалыптастыруға, өндіріс шығындарын азайтуға, инвестициялардың ағынына, жаңа өнім өндірушінің имиджін арттыруға, жаңа нарықты ашуға және басып алуға әкеледі.

Үздіксіз экономикалық өсу жағдайында өндірілетін тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, компанияның жоғары даму қарқыны мен табыстылық деңгейін қолдаудың негізгі тәсілі инновацияларды енгізу болып есептеледі. Бұл компанияның инновациялық даму қажеттілігін негіздейді. Технологиялардың, тұтынушылардың қалауы мен талғамының өзгеруі және соның салдарынан қатаң бәсекелестіктің пайда болуы жоғары қарқынға ие.

Жаһандану жағдайындағы қазіргі экономикаға бейімделе алмайтын, өз өндірісін кеңейтуге мүмкіндігі жоқ кәсіпорындар озық ұйымдарға өз позицияларын береді.

Сонымен бірге жаһандану процесі және өсіп келе жатқан экономикалардың өзара тәуелділігі инновациялық процестерді басқару міндеттерін барған сайын күрделендіре түседі

және жеке мемлекеттің инновациялық әлеуетін дамытуға өзінің стратегиялық мақсатын дұрыс анықтау қабілетіне тәуелді етеді. Әлемнің дамыған елдерінде инновациялық саясатты қалыптастыруда жүйелі тәсілдің қолданылуы, әсіресе әлемдік экономикада мынадай заманауи тенденциялардың дамуы аясында ерекше мәнге ие болды:

- жоғары сапалы адами капитал үшін жаһандық бәсеке инновациялық дамудың ең маңыздыларының біріне айналып, жоғары білікті кадрлар санының өсуі де білімді тарату процестерін қамтамасыз етті;
- білімді тарату процестері жекелеген экономикалардың шегінен тыс шығып, инновациялық белсенділіктің одан әрі өсуі үшін білімді тарату үдерісіндегі ақпараттық технологиялардың рөлі барған сайын өзекті бола түсті;
- жаһандандудың әсері компанияларды технологияның жоғары деңгейлерінде бәсекелесуге мәжбүр етеді, сонымен бірге инновацияның мамандандырылу және территориялық оқшаулану процестерін ынталандырды[2].

Жаһандану шынымен әлемдік даму үшін орасан зор мүмкіндіктер береді, бірақ оның таралу қарқыны біркелкі емес. Жаһандық экономикаға кіру үдерісі кейбір елдерде басқа елдерге қарағанда тезірек жүріп жатыр. Интеграцияға қол жеткізген елдер даму жылдамдығы мен кедейлікті азайтудың жоғары қарқынын бастан кешіреді.

Жаһандану процестері инновациялық даму процестерінің эволюциясында шешуші рөл атқарады. Қазіргі заманғы инновациялар ашық нарықпен, бәсекелестіктің жоғары деңгейімен, жаһандық коммуникациялық жүйелердің болуымен және инновацияларды генерациялау мен тарату жылдамдығының жоғарылауымен сипатталатын ашық әлемдік экономикада дамиды. Осы процестің нәтижесінде экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық салаларында елдер, компаниялар, қауымдастықтар арасындағы өзара әрекеттестіктің қарқындылығы күрт өсті. Жаһандандудың инновациялық үдеріске әсер етуінің келесі негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады [3]:

1) Жылдамдық. Жаңа өнімдерді шығаруға қажетті уақыт өнімдердің өмірлік циклін айтарлықтай қысқарды. Бұл бағытта деректер банктерін, ақпаратты беру мен таратудың жаһандық желілерін және оны өңдеу технологиясын құруға мүмкіндік берген ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы шешуші рөл атқарады.

2) Кәсіпорынаралық ынтымақтастық және желілік ұйымдық құрылымдарды дамыту.

3) Кәсіпорындар ішіндегі функционалдық интеграция және кооперация.

4) Кәсіпорындардың білім беру орталықтарымен – мемлекеттік және жеке зертханалармен, университеттермен, академиялық және қолданбалы ғылым орталықтарымен ынтымақтастығы.

5) Халықаралық сауда көлемінің жалпы ұлғаюымен және осы көлемдегі қызмет көрсету үлесінің ұлғаюымен білім трансфертінің рөлі де өседі. Бұл бизнес модельдерінің өзгеруіне, атап айтқанда, экономикалық қызметті ұйымдастырудың бір түрі ретінде аутсорсингтің таралуына әкеледі.

6) Халықаралық стандарттауға сүйену, жалпы сапаны басқару принциптерін кеңінен қолдану.

Жаһандану аймақтық даму парадигмасын өзгертіп, жаһандық экономикадағы аймақтардың рөлін күрт күшейтіп, инновациялық дамуды әрбір аймақтың ажырамас құрамдас бөлігіне айналдырды.

Аймақтардағы компаниялардың инновациялық белсенділігінің ең жоғары деңгейі еліміздің солтүстігіндегі компаниялар арасында байқалды: 15,8%. Үздік үштікке Қарағанды (15,1%), Астана (14,8%) және Солтүстік Қазақстан облыстары (15,2%) да кірді. Инновация саласындағы ең аз белсенділік Маңғыстау облысындағы кәсіпорындар арасында тіркелді: небәрі 5 % (1 кесте).


	2020ж	2021ж	2022ж
Қазақстан Республикасы	11,5	10,5	11,0
Абай	-	11,7	8,1

Ақмола облысы	7,4	5,8	6,0
Ақтөбе облысы	11,1	12,5	13,5
Алматы облысы	9,8	8,2	5,3
Атырау облысы	10,1	10,1	6,7
Батыс Қазақстан	5,9	6,9	4,7
Жамбыл	13,7	9,2	5,4
Жетісу облысы	-	7,7	10,8
Қарағанды облысы	12,8	12,8	15,1
Қостанай облысы	14,3	11,9	9,2
Қызылорда облысы	12,4	11,2	13,2
Маңғыстау облысы	7,9	6,3	5,0
Павлодар облысы	9	5,2	13,2
Солтүстік Қазақстан	14,1	11,3	15,2
Түркістан облысы	11,2	10,4	9,0
Ұлытау		14,9	8,4
Шығыс Қазақстан	12,9	10,9	8,8
Астана	12,6	13,5	14,8
Алматы	13	11,4	13,2
Шымкент	7,1	7,0	5,2

1 кесте. Аймақтардағы компаниялардың инновациялық белсенділігі.

2022 жылы Қазақстанда 30,8 мың инновациялық белсенді кәсіпорын болды. Олардың жаңашылдық көрсеткіші 11 пайызды құрады. Бұл компаниялардың жалпы инновациялық өнім көлемі 1,9 трлн теңгені құрап, бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 30,6%-ға артық болған. Сатылған инновациялық өнім көлемі 32%-ға өсіп, 1,7 трлн теңгеге жеткен. Жалпы сату көлемінен 286,3 млрд теңгенің өнімі экспортталған.

Инновацияға жұмсалған қаражат 1,5 триллион теңгені құрады, бұл бір жыл бұрынғыдан бірден 81,6%-ға көп. Шығындардың басым бөлігі компаниялардың өз қаражаты есебінен 693,6 млрд теңге, бір жылда 11,7% өскен. Республикалық бюджеттен 101,2 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 8,7 млрд теңге инвестиция тартылған. Шетелдік инвестиция 21 млрд теңгені құраған. (1 Диаграмма)



1 Диаграмма. Инновациялық компаниялардың шығындарының бөлінісі.

2023 жыл Қазақстанның инновациялық дамуындағы қолайлы кезеңдердің бірі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Технологиялық саясат жөніндегі кеңестің шешіміне сәйкес инновациялық саясат ресурстарды перспективалық технологиялық тауашалардың шеңберінде шоғырландыруға негізделетін болды.

Жаңа саясат аясында ел дамуының басым технологиялық бағыттарына, оның ішінде MedTech, AgriTech және GreenTech, жасанды интеллект, Industry 4.0, GovTech, металлургияға бағытталған қаржыландыру бекітілді. Әрбір басым бағыт шеңберінде кадрлық ресурстармен қамтамасыз етуді, инфрақұрылымды қолдауды, «якорьлік» инновациялық жобаларды әзірлеуді және басқа да шараларды қоса алғанда, осы бағыттарды дамытудың жоғары сапалы жүйелерін қалыптастыратын технологиялық платформалар пайда болды.

Astanahub.com ақпараттық жүйесі негізінде «Ұлттық инновациялық жүйенің бір терезесі» іске қосылды. Бірыңғай терезе бизнес пен инновациялық қоғамдастыққа инновациялық жобалар мен инновациялық қызметті қолдаудың барлық қажетті шараларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сонымен қатар технологиялық, инновациялық бизнес-міндеттерді орналастыру үшін мемлекеттік платформа рөлін атқарады және барлық инновациялық процесс туралы циклді қамтитын процестердің ашықтығын қамтамасыз етеді. Инновациялық гранттар, бизнес-инкубациялау, технологиялар трансферті және басқалар сияқты инновацияларды мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру күшейтілді. Мысалы, жыл соңында үш гранттық бағдарлама бойынша 31 жобаға қолдау көрсетілді – жалпы сомасы шамамен 1,2 млрд теңге.

2023 жылы Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланушы компаниялар да «Инновациялық технологиялар паркі» автономды кластерлік қорымен белсенді өзара іс-қимыл жасап, жалпы сомасы 8,2 млрд теңгеге 58 келісім-шарт жасасты. Бұл қаражат инновациялық қызметті дамыту мақсатында «Инновациялық технологиялар паркі» автономды кластерлік қорына қатысушылардың жалпы құны 4,7 млрд теңгені құрайтын 32 жобасын қаржыландыруға жұмсалды. Осы кезеңде алты технологиялық марафон өткізілді, оған 87 технологиялық компания қатысып, 12 жер қойнауын пайдаланушының 18 мәселесі бойынша инновациялық шешімдерді ұсынды. Сондай-ақ жалпы жүлде қоры \$22 000 болатын Industry 4.0 Startup Battle болды.

«Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы аясында өндірістік консорциумдарға, құзырет орталықтарына және әлеуметтік инновацияларға арналған гранттық бағдарламалар аясында маңызды іс-шаралар сәтті жүзеге асырылды. Ағымдағы жылы «Өндіріс секторы консорциумдары» және «Инклюзивті инновациялық консорциум» бағдарламалары бойынша байқаулардың үш кезеңі өткізіліп, жалпы сомасы 3 млрд теңгеге жуық 13 шағын жоба қаржыландырылды. Сондай-ақ жобаның арқасында Tumar Ventures ерте кезеңдегі венчурлық капитал қоры құрылды және Дрейпер университетімен бірге Силикон алқабында акселерация бағдарламасы жүргізілді.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев республиканы IT-елге айналдыру стратегиясын айқындап берді. Атап айтқанда, Жолдауда Қазақстанның электронды үкімет пен финтехтің даму индексі бойынша әлемдік көшбасшылардың қатарында екені және елдің IT-саласы экспортының көлемі тек 2022 жылдың өзінде бес есеге өскені, Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2026 жылға қарай IT-қызметтерінің экспортын 1 миллиард долларға жеткізу міндеті қойылды, бұған ірі шетелдік IT-компаниялармен бірлескен кәсіпорындар ашу ықпал етеді.

Отандық инновациялық әлеуеттің дамуына теріс әсер ететін келесі негізгі проблемаларды анықтауға болады:

- тұтынушылар сұранысымен нарыққа шығару мақсатында технологиялар мен өнімдердің ғылыми әзірлемелерінің көпшілігінің толық аяқталмауы. Бұл серіктестер алдында ұсынылған технологиялардың (немесе өнімдердің) құнын күрт төмендетеді;

- технологиялық инновацияларды енгізудің және оларды нарыққа шығарудың заманауи тетіктерінің жоқтығы. Нарық жағдайында инновацияларды меңгеру механизмі жоғары тәуекелмен сипатталатын, сонымен қатар табысқа жеткен жағдайда жоғары қайтарымдылықпен сипатталатын шағын инновациялық бизнеспен тығыз байланысты;

- технопарктер мен мамандандырылған бизнес-инкубаторлар, тәуекелдерді қаржыландыру қорлары желісі (венчурлық қорлар), зияткерлік меншік пен компанияларды олардың қарқынды өсу сатысында қолдайтын арнайы қаржылық тетіктер, компаниялардың сертификатталған бағалаушылары және мамандандырылған бизнес-инкубаторлар сияқты инновациялық жобаларды ілгерілету үшін дамыған инфрақұрылымдық элементтердің жоқтығы;

- ішкі нарықта озық технологиялар мен индустриялық инновацияларға сұраныстың өте аз болуы. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет қызмет көрсету саласына жатады және бұл қызметтер нарықта жоғары сұранысқа ие болуы керек. Өкінішке орай, қазіргі уақытта ғылыми қызметтер мен ғылыми техникалық өнімдердің үлесі нарықта өте аз. Көптеген кәсіпорындардың ғылыми қызметтерді «сатып алуға» мүмкіндігі жоқ.

Инновациялық жүйені қалыптастырудың жүйелі тәсілін жүзеге асыру үшін оның негізгі ішкі жүйелерін анықтау және талдау қажет, оған мемлекет тікелей немесе жанама қатысу арқылы инновациялық саясатты тиімді жүзеге асыра алады.

Білім және ғылым министрлігінің негізгі міндеттерінің бірі – білім беру ұйымдарында инновациялық қызметті жандандыру, сондай-ақ инновациялық қызметті ғылыми-техникалық қамтамасыз ету. Сондықтан жаһандану жағдайында республика экономикасын дамыту отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, экономиканың дамуын қамтамасыз етуде инновациялардың басымдығын тануға бағытталған мемлекеттік саясатты қабылдап, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру қажет.

Аса маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге, инновациялық инфрақұрылымды құруға және инновациялық сала үшін кадрлар даярлауға бағытталған инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қаржылық қолдау мемлекеттік инновациялық саясаттың негізгі қағидағтары болуы тиіс.

Республика экономикасының дамудың инновациялық жолына бағыт бұруы инновациялық қызметті дамытуға ықпал ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастырмайынша мүмкін емес, оның негізі «Инновациялық қызмет туралы» Заң болуы тиіс.

Қазақстанда ғылыми-техникалық сала әлі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі элементіне айналған жоқ. Ғылыми-техникалық дамудың стратегиялық бағыттарын іске асыру үшін отандық ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттарын түзету, олардың дамуына кедергі келтіретін себептер мен факторларды анықтау, оларды шешудің нақты тетіктерін айқындау қажет.

Экономикалық дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстандағы инновациялық қызметті дамыту шарттары түбегейлі ерекшеленеді. Атап айтқанда, республикада инновациялық қызмет негізінен тікелей шетел инвестицияларын тарту негізінде жүзеге асырылады.

Елге тікелей инвестициямен қатар жаңа технологиялар, жаңа менеджмент келуде. Көптеген кәсіпорындар үшін шетелдік технологиялар мен лицензияларды алу үлкен ынталандыру болып табылады, өйткені ол әлемдік нарыққа шығуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар шетелдік технологиялардың бақылаусыз ағыны ұлттық ғылыми-өндірістік кешеннің дамуын тежеуге әкелуі мүмкін, бұл отандық өнеркәсіптің шетелдік эзирлемелерге технологиялық тәуелділігінің нақты қаупін тудырады.

Республикада инновациялық сектор үшін кадрлар даярлау жүйесі құрылмаған. Оның негізгі себептері – жоғары білім беру жүйесі мен қолданбалы ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың айтарлықтай әлсіреуі, отандық оқу бағдарламаларының, инновация бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің, мемлекеттік білім стандарттарының жоқтығы.

Осыған байланысты технологиялық алшақтықты еңсеру және Қазақстан экономикасын

құрылымдық қайта құру үшін аса маңызды ғылым салаларына мемлекеттік қолдау және ғылыми кадрларды басымдықпен дайындау қажет.

Еліміздің жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу институттарымен және ғылыми орталықтармен интеграциясы үшін адам ресурстарын, инновациялық даму қажеттіліктерінің материалдық-техникалық базасын және оның негізінде ғылыми және білім беру ұйымдарын құруды ескере отырып, нақты жағдайлар жасау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Спанова Л.К. Проблемы инновационного развития Казахстана // Молодой ученый. 2015 №7 490-493б.
2. Оралова С.Ш. Проблемы и анализ инновационного развития Республики Казахстан // Приволжский научный вестник 2015 №2 71-76б.
3. Жаһандық инновациялық индекс. URL: https://www.wipo.int/global_innovation_index/ru/
4. Иванова Н.И. Национальные инновационные системы. — М.: Наука, 2002, 244б.
5. Стратегия «Казахстан – 2050». – Астана: ЛЕМ, 2013.
6. Ахметжанова К.Б. Қазастандағы жаһандану мәселелерінің ықпалы // ҚазНУ бюллетені // 2016 №1(56) 27-53б.
7. Қазақстанның 2023 жылғы инновациялық дамуының қорытындылары. URL: <https://www.iksmedia.ru/news/5977286-V-Kazaxstane-podvedeny-itogi-innova.html>
8. Қазақстан Республикасының статистика агенттігі URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/dynamic-tables/>

ОӘК 65

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кайырберген Жанэль Маратқызы

zhanel_2404@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 3
курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- Әбенев Е.М.

Инновациялық технологиялар әрдайым ірі бизнестің құзыреті болып саналды, елеулі ғылыми зерттеулер қаражаттың едәуір бөлігін инновацияларға бағыттауға мүмкіндігі бар.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, егер мемлекет серпінді және орнықты дамығысы келсе, онда оның әлеуметтік-экономикалық бағдарламалары міндетті түрде шағын және орта бизнесті ынталандыру шараларын қамтуы тиіс. Бүгінгі таңда дамыған елдерде ШОБ үлесіне ішкі жалпы өнім (ЖІӨ) көлемінің 40% - дан 90% - на дейін келеді. Сондықтан бұл мемлекеттердің үкіметтері осы секторды қолдауға басымдық беретіні заңды [1].

Шағын инновациялық бизнес, ең алдымен, ғылыми-техникалық әзірлемелер, жаңалықтарды және өнертабыстарды, тәуекелді, бірақ перспективалық сипаты бар түрлі инновацияларды өндіріске жетілдіру және енгізу саласында дамыған.

Осылайша, біз шағын және орта инновациялық кәсіпорындар нарықтың жаңа сегменттерін ашатын, жаңа өндірістерді дамытатын, өндірістің ғылымды қажетсінуі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыратын және сол арқылы жаңа технологиялық құрылымдардың қалыптасуына ықпал ететін экономиканың жаңа салаларындағы технологиялық көшбасшылар болып табылатынын көреміз. Экономиканы дамытудың қазіргі заманғы жағдайларын және елдің әл-ауқатының инновациялық әлеуетке тәуелділігін күшейтудің байқалған тенденциясын ескере отырып, инновациялық экономикаға сәйкес келетін жаңа типтегі шағын кәсіпорындар құру қажеттілігі туындайды, бұл шағын инновациялық кәсіпорындар болуы мүмкін.